



ТОО «Кокшетау Энерго» оказывает услуги по передаче электрической энергии по своим сетям и в соответствии с пунктом 10 статьи 25 «Закона о естественных монополиях» от 27 декабря 2018 года № 204-VI ЗРК информирует своих потребителей о проведении ежегодного отчёта за 2020 год который состоится **28.04.2021г** по адресу: г. Кокшетау м-н Центральный 5 (здание офиса ТОО «Кокшетау Энерго» конференц-зал) в 15-00 часов. В целях соблюдения карантинных мер количество присутствующих будет ограничено количеством посадочных мест с учётом дистанции 1,5-2м. В связи с этим слушания по отчёту будут доступны через интернет-платформу ZOOM. Номер конференции 990 928 2320 пароль 123456.

Университетім - мақтанышым!

Тарих тереңде жатқан еліміздегі ең ірі, іргелі оқу орындарының бірі - Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті.

Еліміздің бетке ұстар жоғары оқу орындарының бірі, әрі рухани, зияткерлік

– жетістікке жеткен Орталық Азиядағы жалғыз университет. Бұл – университет басшылығы мен ұжымның атқарған ұтымды да ұтыр нәтижесі мен ерен еңбегі. Сондай - ақ қобашы білімгер

пандемияға орай қашықтықтан оқыту әдісі өте маңызды болып отыр. Дүниежүзі бойынша барлық білім беру ордалары мен мекемелер қашықтықтан оқыту әдісіне көшкен. Осы орайда

жаңалықтардан, әлеуметтік желілердегі ақпараттардан көріп-біліп жүрміз.

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Экономика және Бизнес жоғары мектебінің болғанымыз

Қара шаңырағым - ҚазҰУ

1934 жылы ірге тасы қалаған Қазақ Ұлттық Университеті бүгінде қазақ жоғары оқу орындарының алма матеріне айналды.

ҚазҰУ талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың мекені. ҚазҰУ ғашықтардың мекені. ҚазҰУ адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен. Сол себепті де, ҚазҰУ-да жүргенімді өмірімдегі ең үлкен сәттілік деп санаймын.

Төрт жыл бұрын осындай керемет мекеннің студенті аттандым.

Бұрынғы кездері үлкендер өмірдегі ең қызықты шақтар студенттік шақтар десе түсінбейтін едік. Нағыз өмірлік достарды осы жерден таптым. Ұмытылмас кештер мен сәттер осы университетте болды. Өмірдегі ең ыстық сезімдер мен лейілер, сыйластық пен құрмет барлығын осы ҚазҰУ-дан алдым.

86 жылдық тарихы бар ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті еліміздің қоғамдық өмірі мен білім, ғылым, жалпы оқу ағарту саласының қалыптасуы мен дамуы кезеңдерінің куәгері. Университет ұлағатты ұстаздардың даналығы мен жастардың жалаңды істерің, білім мен ғылымға деген ізденісі мен

құштарығын бойына сіңірген, таусылмас білім ордасы. Қасиетті қарашырақ тарихының әрбір кірпіші оның белгілі ғалымдары, оқытушылары мен студент жастарының творчестволық талмас қайратты мен күнделікті еңбегінің арқасында қаланған оқу ордасы.

Қазақ Ұлттық Университетінің інжу маржаны Ү.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы. Бұл мәдени орталықта университет көлемінде ететін іс-шаралар, түрлі басқосулар, мемлекеттік маңызы бар жолдаулар мен жиындарда студенттерден бөлек жалпы қала көлемінде көрермендер жиналады.

Бүгінгі күні университетімізде 20

000-ға жуық студент білім алады, үш мыңға жуық профессор оқытушылар құрамы студенттерге білім беріп келеді. Осылайша 86 жылдық тарихында «үздік» деген ұғымды қалыптастырып, сол тұғырдан түспей келе жатқан ҚазҰУ бүгінде көпке көсіліп айтар мақтаныштарға толы.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономика және Бизнес жоғары мектебі 4 курс «Логистика» мамандығының студенті

Азатова А.

Бизнес технологиялар

кафедрасының аға оқытушылары:

Маликова Р.М., Абдикул Ш.Н.,

Оразымбетова А.Ш.

Таным мен тарихы терең – ҚазҰУ

Таным мен тарихы терең Қазақ Ұлттық Университеті әр қашан тұғыры биік тұратын білім беру ордасы.

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті өткен ғасырдың ең ирван жылдарында құрылды - ашаршылық, жұмыс орындарының жетіспеушілігі, соғыстар және басқа қайғылы оқиғалар орын алған тұста құрылған бұл университет, өзгін таңда жыл сайын мыңдаған шәкірт тәрбиелеп жатыр.

Бүгінгі таңда ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті - бұл жаңа бағытты ұстанған, арнайы мамандықтарды толықтай қамтамасыз ететін, озық-ғылыми кешен деп қарастыруға болады.

Университет ұлы ойшыл Әбу Насыр ибн ал-Фарабидің есімімен мың тоғыз жүз

тоқсан бірінші жылдан бастап аталады.

Қазақ ұлттық университетінде әр қашан білікті мұғалімдер сабақ беріп келеді. КСРО-ның ірі ғалымдары және бәріне танымал Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаев өзі осы ұлттық университетте даріс оқыды.

Қазір Қазақстанға әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті кадрлар қажеттігі сөзсіз осы жолда білім мен тәжірибені қоса ұштастырған Қазақ Ұлттық Университеті жас мамандарды дайындауда еліміздегі алдыны қатарлы жоғары оқу орны болып саналады.

Сапалы білім беру жолында бірегей жүйе ұсына білетін жоғары оқу орындарының арасында Ұлттық Университетіміз көш бастап тұр. Арнайы студенттерге базалық ақпараттық және

бір орталықтан бақыланатын бұндай жүйені еліміздегі жоғары оқу орындарынан кездестіре бермейсіз. Жоғары оқу орындарының ішінен еліміздің атын әлемге шығарып жүрген, сонымен қатар үш жүзден астам шетелдік оқу орындарымен байланыс орнатқан Қазақ Ұлттық Университеті өзін әлі де үздіктер қатарында болатынын көрсететіндей.

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің өте үлкен жобаларға ат салысатынын бірі білсе бірі білмейді халықаралық, ғылыми, білім беру саласындағы арнайы програмалық бағыттарда, жастарға сонымен қатар өз шәкірттеріне әр қашан қолдау көрсетеді. Университет көпке Қазақ Мемлекеттік Университеті атымен танымал, бірақ

жоғары оқу орнына Ұлттық университет атағы берілгеннен кейін түбегейлі өзгере бастады. Университеттің тарихы бізге өткен мен бүгіннің айырмасын көрсетіп білім саласында жылдар бойы жиналған тәжірибенің артық болатынын дәлелдейтіндей. Оқу бітірген әр жаспен оларға даріс оқыған ұстаздар үшін ұлттық университет тек ғана тарих пен естелік емес сапалы білім мен жарың болашықты ұштастырған білім ордасы.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономика және Бизнес жоғары мектебі 4 курс «Логистика»

мамандығының студенті Камал Ж. Бизнес технологиялар кафедрасының аға оқытушылары: Маликова Р.М., Абдикул Ш.Н., Оразымбетова А.Ш.